

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мәжіліс Парламенті  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2023 жылғы «27» желтоқсанда  
жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрі  
Ә. А. Смайловқа

### ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ Құрметті Әлихан Асханұлы!

Қазіргі таңда Қызылорда облысы бойынша 4 қала (*Қызылорда, Байқоңыр, Арал, Қазалы*), 6 аудан орталығы және 19 елді мекен табиғи газға қосылған. Бұл барлық елді мекендердің тек 11,3 пайызын құрайды.

**Облыс аумағындағы табиғи газға қосылмаған елді мекен тұрғындары тарапынан газдандыру мәселесі жиі көтерілуде.**

Атап айтқанда, Қызылорда облысы Қармақшы ауданында тек аудан орталығы – **Жосалы кенті** ғана газдандырылған.

Қызылорда облысының әкімдігі тарапынан Қармақшы ауданы **Дүр Оңғар** елді мекенін газдандыру жобасының жоба-сметалық құжаттамасы 2022 жылы әзірленіп, мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысы алынған (31.08.2022 жс №19-0324/22).

Дүр Оңғар ауылын газдандыру жобасын жүзеге асыру жағдайында болашақта Қармақшы ауданының 9 ауылдық елді мекенін газдандыруға мүмкіндік пайда болады, себебі елді мекендердің табиғи газға қосылу нүктесі осы жобада қарастырылған.

Жобаның жалпы құны 7,1 млрд. теңгені құрайды. Оның ішінде: республикалық бюджет - 6,4 млрд. теңге, облыстық бюджет – 710 млн.теңге.

Жобаны жүзеге асыруға ҚР Энергетика министрлігіне 2024 жылға республикалық бюджеттен **750 млн.теңге** бөлуге бюджеттік өтінім ұсынылғанымен, қолдау таппады.

Жоғарыда аталғандар негізінде, **құрметті Әлихан Асханұлы**, жобаның әлеуметтік маңыздылығын және осы жоба аясында қосымша **9 елді мекенді** газдандыруға мүмкіндік пайда болатынын ескере келе, Дүр Оңғар елді мекенін газдандыру жобасын **бастауға** 2024 жылғы республикалық бюджеттің бірінші нақтылауына **1 млрд. теңге** қаржы бөлуге ықпал жасауыңызды сұраймын.

**Құрметпен,**  
**«Аманат» партиясы**  
**Фракциясының депутаттары**

**М. Ергешбаев**

**М. Жайымбетов**

**М. Абенов**

**«Қазақстан Халық партиясының»**  
**фракциясы депутаты**

**Г. Танашева**

Орын.: Садуакасов Б.  
тел.: 74 63 44